

К.САҒАДИЕВ

Академик, Парламент Мәжілісінің депутаты

СЫНАҚҚА САҚАДАЙ САЙМЫЗ БА?

**ЕЛБАСЫНЫҢ СЫНДАРЛЫ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
БАЯУЛЫҚ ПЕН СЕЛҚОСТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ**

«Егемен Қазақстан», 20.01.2009 ж.

Астана қаласы, 2009 ж.

СЫНАҚҚА САҚАДАЙ САЙМЫЗ БА ?

Елбасының сындарлы саясатын жүзеге асыру баяулық пен селқостықты көтермейді

Жақында Қазақстан Үкіметі 2008 жылда әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындылары туралы жедел ақпарат таратты. Өткен жыл нәтижелі болды деген пікір айтылды. Осы пікірмен келісуге болады. Үкімет ақпаратын қайталамай-ақ 2008 жылдың басты нәтижелі мыналарда дер едім. Біріншіден, экономика даму қарқыны 8,5-10 пайыздан біршама төмендегенімен, кейбір елдердегідей рецессияға, яғни кейін шегінуге жол берілген жоқ. Екіншіден, әлемдегі дағдарыстың зардабы бұрынғыдан да ауыр екінші қарқыны басталған уақытта елімізде оған тойтарыс беретін қаржы, басқа мүмкіндіктер де табылды. Үшіншіден, әлеуметтік саланың тұрақтылығы сақталды, ел тұрмысын жақсартуға арналған қомақты шаралар жасалды. Осыған байланысты жыл қорытындысын қанағаттандырырлық дейміз.

Дегенмен, әлемдегі дағдарыс біздің экономикамызға теріс әсерін тигізіп, оның көрсеткіштерін төмендеткенін де айтуымыз керек. Өнеркәсіп, әсіресе өңдеуші өнеркәсіп саласы өспеді, ал салынып жатқан немесе салынғалы жатқан құрылысымыздың біразы тоқтап тұр. Бір кезде еліміздегі реформалардың көшбасшысы деп мақтаныш ететін коммерциялық банктер сырттан алған қарызын өтей алмай, тоқырау үстінде. Олардың тұрақтылығын сақтау үшін мемлекет тарапынан көмек беру қажеттігі туып отыр.

Соңғы 7-8 жыл ішінде экономиканың дамуының арқасында, әсіресе бізден сыртқа шығарып сататын мұнай мен металлдың бағасы әлемде үзбей көтерілуі салдарынан, Ұлттық қор мен бюджеттегі қаржымыз бірталай өсіп еді. Өткен жылы аталмыш заттардың бағасы еселеп арзандап кетті. Қаржы дағдарысына байланысты шетелден жылына инвестиция ретінде миллиардтап келетін қаржы көзі азайды. Несие тапшылығынан

шағын және орта бизнестің ауқымы шектеліп, тыныс-тіршілігі төмендеді.

Жаңа жылды осындай қиындықтармен бастап отырмыз. Олардың үстіміздегі жылы да жалғасуы, және, мамандардың айтуынша, бұрынғыдан да күрделі болуы мүмкін. Шет елдерде қаржы дағдарысы толастамай, қайта оның зардабы нақты экономика саласына ауыса бастады. Дағдарыстың әлем елдеріне етегін кеңірек жайғаны және тигізген зардабының ауырлығы сонша, бұдан әр мемлекет дербес шығуы мүмкін емес, барша әлем қауымдастығы болып осы залалмен күресудің, дағдарыстан шығудың жолын табу керек деген пікір қалыптасып отыр. Оны мамандар да айтады, мемлекет басшылары да қолдайды. Әрине, әр мемлекет өзінің дербес іс-қимылына, олардың тиімділігіне жауапты, бірақ дағдарыс әлем елдеріне ортақ, одан шығудың амалдары да көбінесе ортақ.

Осыған байланысты шет елдердегі қаржы дағдарысының туу себебі, оның барысы, онымен күресу шаралары және де өз елімізде қабылданған дағдарысқа тойтарыс бағдарламасы, орындалу қарқыны, тиімділігін арттыру мәселелері бүгінгі әңгімеміздің арқауы болып отыр.

Біз нарық экономикасына көшкен елміз. Президентіміздің табанды саясатының арқасында осы жолмен 18-ші жыл үзбей жүріп келе жатырмыз. Асқан асуларымыз бен алған шептеріміз де мақтанышпен айтарлықтай. Әлем елдері даму деңгейімен үш топқа бөлінеді. Алдыңғы топ-жақсы дамыған елдер, ортаншы топ-дамып келе жатқан елдер, үшінші топ-артта қалған, әлі титықтап жүрген мемлекеттер. Егемендіктің қарсаңында, оның алғашқы жылдарында біздің орнымыз осы үшінші топта болды. Бүгін біз ол топты артта қалдырып, тек дамып келе жатқан елдердің қатарында болу ғана емес, оларды да артқа тастап, әлемдегі озық елу елдің санатына қосыламыз деп сан-алуан іс-қимыл жасап жатқан елміз. Мұндай асқақ арманның тууы тәуелсіздік жылдарында Президент жүргізіп отырған сындарлы саясаттың, біз таңдаған нарық экономикасының жемісі.

Бірақ нарық экономикасының дамуында біркелкі тұрақтылық жоқ. Нарық әлемі жеке батырлар, жекеменшіктер

әлемі. Әр ел, әр компания, тіпті әр кәсіпкер өз пайдасын көздегендіктен олар шығарған тауарлар көлемі қоғамдағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін қамтамасыз ете бермейді. Бір жерлерде тауарлар қажеттіліктен артық шығарылады. Олар сатсаң өтпей, дағдарысқа әкеледі. Бір жерлерде тауар шығару үшін ақша жетпей, өндіріс тоқтап, қаржы дағдарысын туғызады.

Өкінішке орай осындай үлкенді-кішілі дағдарыстар экономикасын нарық негізінде жүргізіп отырған елдерде мезгіл-мезгіл болып тұрады. Сондықтан да нарық экономикасын құбылмалы (волатильная) экономика дейміз. Аталмыш құбылмалылық қазіргі заманда әлем елдерінің өмірінде жиі белгі беріп жүр. Тек соңғы онжылдықта Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде қаржы дағдарысы (1997-1998 ж.ж.), Россия Федерациясында мемлекет сыртқы қарызын өтеуден бас тартқан дағдарыс (дефолт 1998 ж.), Америка Құрама Штаттары жоғары технологиялық компаниялардың дағдарысы болып өтті. Кішігірім дағдарыстар Латын Америкасы елдерінде, басқа да мемлекеттерде болып өткені белгілі.

2007 жылдың ортасынан Америка Құрама Штаттарынан басталған жаңа дағдарыс бүгінгі күні бүкіл әлем елдеріне етек жайды. Бұл дағдарыстың төркіні тіпті бөлек. Ауқымы жағынан да, өзімен келген залал-зардабымен де. Мамандардың айтуынша, бұл ғасырда бір қайталанатын, бүкіл әлем елдерінің экономикасын орасан зор қиыншылықтарға тірелткен дағдарыс. Тарихтан осындай дағдарысты (Ұлы тоқырау) 1929-1933 жылдары Америка Құрама Штаттары басынан өткізгенін білеміз. Соның салдарынан аталмыш ел өзінің ұлттық байлығының 40 пайызына жуығын жоғалтып еді. Сөйтіп АҚШ экономикасы қирап та, күйреп те еді. Дегенмен оның салқын әсері әлемнің басқа өңірлеріне аса біліне қойған емес, өйткені жаһандану үрдісі қазіргі замандағыдай кең өріс алмаған болатын.

Ал бүгінгі күнгі дағдарыс Америкадан басталып, өзінің ауыр зардабын әлем елдерінің бәріне (оның ішінде бізге де - қазақстандықтарға) тигізіп отыр. Американдық үлкен-үлкен компаниялар мен банктердің акциялары күрт арзандап, кейбіреуі банкрот болып, кейбіреуін үкімет өз қарамағына сатып алуға

мәжбүр болуда. Күйреу мен құлдыраудың тереңдігін көрсету үшін бір-екі мысал келтірейік. Американың ең үлкен, бүкіл әлемге қаржы ұжымының 150 жылдан бері озық үлгісі болып келе жатқан Lehman Brothers банкі аз ғана уақыт ішінде 679 миллиард доллар тұратын құнды қағаздарының 617 миллиард доллар құнын жоғалтып, өзін амалсыздан банкрот жариялады. Триллиондаған доллар ипотекалық құнды қағаз иелері Freddie Mac және Fannie Mae компаниялары тұрғын үй тұтынушыларынан тиісті қарыздарын (несиелерін) жинай алмағандықтан банкроттықтан құтылу үшін америка үкіметінің қолтығына тығылды (себебі төменірек айтылады). Бүгінгі күні Америка Құрама Штаттары еліндегі банктер мен компаниялардың күйреуіне жол бермеу мақсатында мемлекеттік бюджеттен оларға жәрдем ретінде 700 млрд.доллар бөлуге мәжбүр болып отыр. Бірақ бұл да аздық қылады, жаңа сайланған Президент Обаманың көмекшілері ел экономикасына әлі де 600-700 млрд.доллар көлемінде қосымша қаржы бөлу керектігін айтып жатыр.

Еуропада, Азияда, құрлықтың басқа өңірлерінде де қазіргі дағдарыстың зардабы осындай ауыр. Өз қаржы мекемелері мен кәсіпорындарына Германия – 520 млрд.евро, Франция – 320 млрд.евро, ал жалпы Еуроодақ елдері (27 мемлекет) 2,0 триллион евро мөлшерінде мемлекеттік бюджеттен көмек көрсетуде. Осы мақсатпен нарық субъектілеріне 50 млрд.фунт стерлинг - Ұлыбритания, 950 млрд.рубль - Ресей, 586 млрд.доллар Қытай Халық Республикасы бюджеттен қаржы бөлетіндерін хабарлады. Жапония, Австралия, басқа да елдерде дағдарысқа қарсы осындай шаралар қолданылып жатыр. Ерекше ескеретін бір жағдай – жекеменшік банктер мен жекеменшік компаниялардың қазіргі дағдарыстан мемлекеттен, оның бюджетінен басқа бір де инвестор, яғни қорғаушысының болмауы. Барлық елдерде жағдай осындай. Бұл – «мемлекет жекеменшіктің шаруасына араласпай, «түнгі күзетші» ретінде болуы керек, қалғанын нарық өзі шешеді» - деушілерді келешекте қатты ойландыруы керек. Дегенмен, мемлекет тарапынан банктер мен компанияларға құйылып жатқан ағыл-

тегіл қаржылар олардың тұрақты дамуын әлі қамтамасыз ете алмай отыр. Әлі де жер-жерлерде көмек сұраған, күйреу қаупі бар қаржы мекемелері мен кәсіпорындардың аты жиі естіледі.

Дағдарыстың бастауы қаржы саласы. Әлемдік қаржы дағдарысы біртіндеп келе нақты экономика дағдарысына әкеле жатыр. Қазір дүние жүзінде көптеген компаниялар өндірісін шектеп, жұмысшыларын қысқартып, тоқырау үстінде. Әлемге әйгілі Крайслер компаниясы өзінің АҚШ-тағы 30 машина жасау зауыттарының жұмысын тоқтатты. Еуропадағы, Япониядағы машина жасау зауыттары да осындай күй кешуде. Әлемдегі шикізат шығаратын компаниялар олардың өніміне сұраныстың күрт азайғанынан және бағаның төмендеуінен тоқырауға ұшырауда. Бұндай қиыншылық кейбір қазақстандық тау-кен саласындағы кәсіпорындардың басына да түсіп отыр.

Ел экономикасын дамытуға өз мүмкіндіктері азайғандығынан немесе жоқтығынан Исландия, Украина, Латвия, Белоруссия мемлекеттері Халықаралық валюта қорынан жәрдем сұрауға мәжбүр болып отыр. Басқа да Прибалтика елдері, Словакия, Болгария мемлекеттері аталмыш қордан көмек сұрауы мүмкін. Қорыта айтсақ, әлем елдері басынан кешіп отырған қаржы және экономика дағдарысының ауырлығы осындай батпандай. Ақпарат құралдарының айтқанына сүйенсек, 2008 жылы қаржы дағдарысының салдарынан бүкіл әлем елдеріндегі қордың құны (фондовый рынок) 30 триллион доллардан артық арзандаған екен. Үнді елінде осындай қағаздар құны 52 пайызға, ал Қытай Халық республикасында 66 пайызға төмендепті. Тек қана Америка үкіметі қаржы дағдарысымен күресу жолында 4 триллион 280 млрд. долларға шығынданған екен, кейбір есептер бойынша бұл әлем елдерінің екінші дүниежүзілік соғыстағы шығынынан 2 еседен аса артық.

Ал енді осындай орасан зор дағдарыстың себептеріне тоқталайық. Ол үшін әңгімені алыстан бастауға тура келеді. 1944 жылы маусым айында Америка Құрама Штаттарының Бреттон-Вудс деген шағын қаласында 44 мемлекеттің қаржы министрлері жиналып, сол кезде болып жатқан екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан қисыны кеткен әлемдік қаржы айналымын реттеудің

болашақ тетіктеріне келіскен болатын (бұл жиынға Кеңес Одағының Қаржы министрі де қатысып, бірақ ондағы шешімдерді орындауға кейін Кеңес үкіметі қатыспады). Министрлердің келісімі бойынша қаржы мен экономика салаларын әлем деңгейінде үйлестіру мақсатымен Әлемдік банк және Халықаралық валюта қоры құрылды. Келісім бойынша әлем елдерінде тауар алмасу доллармен есептелетін болды, сөйтіп американдық доллар әлемдік валюта дәрежесіне көтерілді. Доллардың құндылығы алтынның белгілі бір мөлшерімен (золотой стандарт) анықталатын болды.

Аталмыш келісімдер өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін өз міндетін толық атқармағанымен әлемдегі қаржы айналымын тиісті дәрежеде қамтамасыз етіп отырды. Доллар осы жылдары үлкен беделге ие болды, әр мемлекет өз байлығын доллармен есептеп, басқалармен салыстыратын болды. Осыған байланысты әрбір доллардың алтынның белгіленген мөлшеріне сәйкес болу керектігі ұмытыла бастады. Доллардың өз басы құнды, оны алтынмен салыстарудың қажеті жоқ, онсыз да оның әлемдегі беделі жоғары және тұрақты деген пікір қалыптаса бастады.

Міне осы кезеңнен бастап тауар және қызмет көрсету (услуги) көлемімен олардың айналымын қамтамасыз ететін валюта көлемінің арасында алшақтық басталды. Қиыншылықтың басы осы болды деп атап айтуымыз керек, өйткені ақшаға сұраныс тек бір-ақ жағдайда-шығарылған тауар мен қызмет айналымын (услуги) қамтамасыз ету үшін керек. Сондықтан олар тепе – тең, мөлшері жағынан бір-біріне сәйкес болуы керек.

XX-шы ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап осы сәйкестік жоғала бастады, әлемдік алтын стандартпен шектелмеген доллар да, тек доллармен құндылықтарын анықтайтын басқа валюталар да көлемі жағынан тауар мен қызмет салаларына қажеттіліктен артық, барған сайын артық шығарыла бастады. Базельдегі халықаралық есеп банкі осыдан 15 жыл бұрын әрбір күнде әлемде ақша айналымы 1 триллион долларды, ол - тауар мен қызмет көрсету айналымынан 50 есе артық деп көрсетті. Міне

осы кезеңнен жаһанда қаржы пирамидасы қалыптасты деуімізге болады.

Оның қалыптасуына және барынша етек жаюына либералдық, жаңа либералдық нарық теориялары, осы қағидалардан туған іс-қимылдар үлкен әсер етті. Экономиканың жақсы дамуын ынталандыру үшін қаржы мол болу керек деген теориялық қағида, АҚШ Президенті Р.Рейганның тұсында несие қаржы арзан болу керек деген пікірмен жалғасты. Инфляцияны реттеу жолында батыс елдерінде монетарлық қағидаларды ұстанушылар болғанын және олардың қазір де бар екенін айтуымыз керек. Бірақ осы қағиданы берік ұстау туралы нарық реформасын жүргізіп жатқан ТМД елдеріне батыс мемлекеттері қатаң талап қойғанымен, өз елдерінде (АҚШта, Еуроодақта) монетаризм үстемдік ықпалын өткен ғасырдың 80-ші жылдары жоғалта бастады. Нәтижесінде ақша есепсіз көбейді. Нақты экономика мен айналымдағы ақша көлемінің арасындағы алшақтық ұлғая берді. Қазіргі заманда барлық елдердің валюталарын және олардың жасанды түрлерін (суррогат) қосқанда әлемдегі шығарылған ақша 700 триллион долларды құрайды екен, ал әлем елдеріндегі ішкі жалпы өнім 60 триллион доллар көлемінде ғана, яғни 10 есе аз.

Осындай өз тұғырынан (тауар мен қызмет көрсету айналымына сәйкестігінен) айрылған миллиардтаған, триллиондаған қаржы өндіріс саласына жұмсалудан емес, өзінің дербес айналымынан табыс табу жолына шықты. Оны қамтамасыз ететін сан алуан туынды қаржы құралдары (деривативтер) дүниеге келді. Бүгін әлемдегі қаржы саласында молынан қолданылып жүрген кепілхат (закладная), кепілдік қағаз, құнды қағаз, ипотекалық - облигация, хедж-қор (сақтандыру, қайта сақтандыру), своп, опцион, форвард, тағы басқалары осы туынды қаржы аспаптары (құралдары). Оларды қолдану ауқымының өскені сонша, әлемде экономиканың тағы бір жаңа түрі – қаржы экономикасы қалыптасты. Және оның тиімділігі нақты экономика тиімділігінен еселеп асты. Нәтижесінде ақша ақша жасады, тиімділігі жоғары болғаннан кейін осы салада жалдаптық капитал ағыны күшейді. Дами келе

осы жағдайлар қаржы пирамидасының қалыптасып, өсуіне әкелді.

Көптеген салаларға арзан несиені берілді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында кәсіпкерлерге берілген несиенің құны 2003 жылы 1 пайыздан аспайтын. Біртіндеп өндіруші емес, тұтынушылық психология қалыптаса бастады. Әлем деңгейінде тұтынушылық қоғамның ауқымы кеңейді. Мысалы, жоғарыда аталған мемлекеттің халқы арзан несиенімен пәтер немесе тұрғын үй сатып алуға көптеп кірісті. Несиені алу мүмкіндігі үзбей өскендігінен, халық оны тек баспана алуға ғана емес, күнделікті өмірде басқа мақсаттарға да кеңінен пайдаланды. Мысалы, 2005 жылы американдықтар жергілікті банктерден 750 млрд. долларға несиені алған екен. Бірақ оның 560 миллиард доллары немесе 75 пайызы жаңа пәтер (тұрғын үй) алуға, болмаса ескіні жақсартуға емес, күнделікті басқа мұқтаждықтарға жұмсалған. Несиені алуға аталмыш халықтың дағдыланғандығы сондай, дағдарыс қарсаңында әрбір американдық 12 ай жылдық жалақысының 8 айлығын несиені өтеуге берешек болған. Американдықтар әрбір тапқан долларына қосымша 30 цент жұмсайды, ол банктерден алған қарызынан құралады деген мәліметтер бар. Тұтынушы қоғамның осы бір көрінісі тек Америкада ғана емес, басқа елдерде де орын ала бастады.

Осылай дами келе, несиенің көбеюі, өзінің шарасынан шықты. Инфляцияны өсірді. Нәтижесінде несиені қымбаттату талабы туды. 2006 жылы Америка банктерінің несиенің құны бір пайыздан бес-жеті пайызға дейін, яғни еселеп өсті. Бұл қымбатшылықты халық та, кәсіпорындар да көтере алмады. Несиені қайтара алмағандар банкроттыққа ұшырай бастады, етек жая келе осындай жағдай Америка Құрамына Штаттарының қаржы жүйесінің дағдарысына әкелді. Аталмыш елге осы дағдарыстың әкелген қиыншылығы мен залалы туралы біз жоғарыда айттық.

Ал енді басқа елдерде де осындай дағдарыс не себептен етек жайды деген сұрақ туады. Оған жауап, біріншіден, нарық экономикасымен дамыған басқа елдерде либералдық теория қағидаларын мықтап ұстап, американдықтар үлгі еткен қаржы-

несие саясатын өз ішінде қолданды. Оларда да тұғыры жоқ қаржы пирамидасы қалыптасып, дами келе күйреуге әкелді. Екіншіден – Америка Құрама Штаттары экономика тұрғысынан дүние жүзіндегі ең үлкен, ең бай мемлекет, ол жылына әлем елдеріндегі ішкі жалпы өнімнің 20 пайызын шығарады. Сондықтан әлем экономикасына ықпалы зор, ол дүние жүзіндегі ең үлкен тауар шығарушы да, тауар сатып алушы да мемлекет. Сондықтан америка экономикасы мен сауда саясаты бұзылған кезде көптеген елдерге, әсіресе Батыс Еуропа елдеріне, Жапония, Қытай мемлекеттеріне, басқаларға теріс әсерін тигізбей қоймайды. Оны біз қазіргі дағдарыс кезеңінде анық байқап отырмыз.

Оның үстіне Америка экономикасының тиімділігі мен даму тұрақтылығына барынша сеніп, ол елдің шығарған құнды қағаздарын басқа елдер мольнан сатып алу дәстүрі қалыптасқан. Дағдарыс қарсаңында бірнеше триллион доллар американдық құнды қағаздар шет мемлекеттердің, шетелдіктердің қолында болған. Америка қор рыногы (фондовый рынок) күйреген кезде, бұл құнды қағаздар да еселеп арзаңдады. Мысалы, жүздеген американдық хедж-корлардың, қор биржаларының біреуінің ғана күйреу салдарынан оның құнды қағаздарын әр елдерде иеленушілерінің 50 млрд.доллардан артық зиян шеккенін баспасөз жариялады. Жоғарыда айтылған американдық Lehman Brothers компаниясының банкротқа ұшырауы оның құнды қағаздарын иеленген Мюнхендегі Нуро Real Estate ипотекалық банкінің күйреу қаупін туғызды. Оны құтқару біздің басты мақсатымыз деп аталмыш банкіге Германия үкіметі өте қомақты қаржы салды. Әлем елдерінің қаржы саласының бір-бірімен тығыз байланыста екенін осыдан аңғаруға болады. Көптеген елдердің өз ақшаларын америка құнды қағаздарымен сақтау тәсілі әлі де жалғасуда. Ресей ақпарат жүйелерінің айтуынша, қазіргі таңда Қытай 663 млрд.доллар мөлшерінде, Ресей 81 млрд.доллар мөлшерінде американдық қазыналық облигация құнды қағаздарына ие болып отыр. Ұлттық қордың біршама бөлігін

сақтау үшін біздердің, қазақстан мемлекетінің, де осы қазыналық облигацияларды сатып алғанымыз бар.

Үшіншіден, әлем елдері барынша жаһандану үстінде. Технологиялық жаңалықтардың негізінде, ақпараттық төңкеріс салдарынан, қарым-қатынас техникасы мен құралдарының жақсы жетілуі арқасында жаһандану үрдісі әлем елдерін бір-бірімен өте тығыз байланыстырды, әсерлеп айтқанда, оларды «бір үлкен ауылға» айналдырды. Сондықтан да әртүрлі қауіп-қатер де әлем елдеріне ортақ. Оларды бір-бірімен тығыз байланыстыруға қаржы саласы өзінің ерекше үлесін қосты. Басқа факторларға қарағанда жылдам шапшаңдықпен, елдердің, халықтардың түр-түсіне қарамай тығыз валюта байланысын ұйымдастырып, әлемдегі қаржы жетістіктеріне немесе кемшіліктеріне барлық елдерді бірінғай тәуелді етті. Қара сөзбен айтсақ, әлем елдерінің бірін жайлаған қаржы саласының «тұмауы» басқа елдерді «түшкіртпей» тұрмайды. Осындай тығыз байланыс пен тәуелділікті әр елдің қор рыногы (фондовый рынок) акцияларының дағдарысқа байланысты күнбе-күн өзгеріп жатқан көрсеткіш деңгейлерінен байқап отырмыз. Америка құнды қағаздары қаншалықты арзандаса, осыған сәйкес Еуропа, Азия елдері акциялары да өзіндік құнын жоғалтып отыр. Сондықтан да алдымен қаржы, оның соңынан етек жая бастаған экономика дағдарысын әлем тарихында бірінші рет болып отырған жаһандану дағдарысы дей аламыз.

Біз жоғарыда әлем елдерін жайлаған қазіргі таңдағы дағдарыстың сыры мен сипатына біршама тоқталдық. Оның бірінші себебі осы дағдарысты толық, жан-жақты қарастырмай, өзімізде болып жатқан экономика саласындағы қиындықтарды түсіну қиын. Біздегі дағдарыс неден басталды, ауқымы мен залалы қандай дәрежеде, дағдарысқа қарсы жасалып жатқан іс-шаралар дұрыс па, бұрыс па деген сұрақтарға тек әлем елдеріндегі болып жатқан оқиғаларға үніліп, дұрыс жауабын табуға болады. Қазақ елі жаһандану үрдісіне барынша бойлаған, әлем елдерінің экономикасы мен олардың қаржы жүйелерімен тығыз байланысқан ел. Сондықтан да басқа елдерде болып жатқан дағдарыс бізді сырт айналып өтпеді.

Екіншіден – дағдарыс қаржы саласының, жалпы экономиканың ауруы. Оның себебін неғұрлым дұрыстап қарасақ, анықтасақ, соғұрлым дағдарысқа қарсы шараларды, келешекте осы салаларды реттеу тетіктерін дұрыс табуға болады. Осыған байланысты либералдық нарық экономикасы қағидалары мен тетіктері қоғамда экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алмайды деген пікірлер бұрын бәсең болса, қазір қаттырақ және жиі айтылып жүр. Мемлекет жеке меншік шаруасын реттеуге қол сұқпай, еркіндік пен барлық мүмкіндікті нарыққа беру керек деген принцип ұстаған және осындай жолмен жүрген батыс елдерінің бүгінгі қиын жағдайын көріп отырмыз. Осы қайшылықтар кім-кімді де ойландыруы тиіс. Осындай жағдайды болашақ іс-қимылдың жобасын жасағанда естен шығармау керек.

Осыдан кейін Қазақстандағы қаржы дағдарысына, оның барысына тоқталайық. Дағдарыс белгілері біздерде 2007 жылдың шілде, тамыз айларынан басталды. Әлемдегі қаржы дағдарысының салқын әсері ТМД мемлекеттері ішінде бірінші болып бізге тиді. Оның себебі бар. Біз шетелдерден көптеп және жиі-жиі несие (қарыз) алған елміз. Осы жылдары Қазақстанда экономиканың даму қарқыны жоғары болды. Реформалардың дұрыс нәтижесі негізінде, әсіресе біз сыртқа шығарып сататын мұнай мен металлдардың әлемдегі бағасы жылдан-жылға өсуінің арқасында қазақстандық ішкі жалпы өнім соңғы 7-8 жылда 9-10 пайыз төңірегінде өсіп тұрды. Бұл бізді тұрақты және жедел дамып келе жатқан мемлекет ретінде әлем деңгейінде беделімізді көтерді. Халықаралық беделді рейтинг агенттіктерінің жоғары көрсеткішіне ие болдық. Осының арқасында шетелдік банктер, басқа да қаржы қорлары біздің коммерциялық банктерге ешқандай кідірместен және сұраған несиелерін күмәнсіз беріп жатты. Шетелдік несиелер біздің ішіміздегі несиелермен салыстырғанда біршама арзандау болғанын да айтуымыз керек.

Жалпы молынан алынған несие қаржы халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге, кейбір салалардың өсуіне оң әсерін тигізді. Ал енді олар нақты қай салаларға, қалай жұмсалды?

Өкінішке орай ол қаржылар өндіріске көптеп бара алмады, өйткені несиенің дені қысқа мерзімге (алты ай, бір жылға) берілді, ал өндірісте, энергетикада кәсіпорындар салу одан ұзақ мерзімді (3-5 жыл шамасында) керек етеді. Кәсіпорындарды салу үшін, нарық тілімен айтқанда, «ұзын ақша» (длинные деньги) керек болды. Біздің коммерциялық банктердің шеттен алған несиелерінің ішінде «ұзын ақшалардың» үлесі тым аз болды және олар соңғы бір-екі жылда ғана (2006, 2007 жылы) келе бастады. Оның үстіне өңдеу өндірісіне жұмсалған қаржының пайда деңгейі (рентабельность) басқа салалармен салыстырғанда төмен, ал мұнай - газ, тау-кен өндірістерімен салыстырғанда көп төмен болды. Сондықтан да осы жағдай қаржы иелерін өңдеу саласын дамытуға ынталандырмады. Аталмыш салаға инвестициялық тартымдылықтың төмен екендегі бүгінгі күндері де сезіліп отыр. Еліміздегі экономиканы әртараптандыру үрдісінің баяу жүріп жатқан себептерінің бірі де осыдан. Сондықтан, біздер қазір де, экономика дағдарыстан шығып дами бастаған кезеңінде де осы жағдайды, яғни өңдеуші салаға инвестициялық ынталандыруды арттыру керектігін, келген қаржының «ұзын» болып келу керектігін ұмытпауымыз керек.

Қысқа мерзімге алынған несие қаржылар шапшаң игеріліп, тиісті пайдасын әкелетін шаруашылық салаларын іздеді. Олар - сауда жүйесі мен құрылыс, әсіресе тұрғын-үй құрылысы болды. Тез арада Астанада, Алматыда, облыс орталықтарында, басқа елді мекендерде ірі-ірі сауда орталықтары ашылып, олардың іші шетел тауарларымен лық толу себептерінің бірі осында.

Соңғы 6-7 жыл ішінде Қазақстанда құрылыс саласының қарқындап дамығанын баршамыз білеміз. Ипотека арқылы, немесе банктерден тікелей несие алып ел ішінде баспана салуға кіріскендер саны жылдан-жылға көбейе берді. Сұраныстың көптігінен және халықтың табысының өскеніне байланысты тұрғын-үй бағасы үзбей қымбаттағанымен құрылыс қарқыны бәсеңдемеді. Құрылыс қаржыгерлер үшін өте тиімді, салған ақшасының түсімін 2-3 есе өсіріп қайтаратын салаға айналды. Сондықтан бұл салаға алысатарлық (спекулятивный) капитал

да мольнан келе бастады. Соңғы жылдары құрылысқа келген қаржының 40 пайызына жуығы жалдаптық (спекулятивный) мақсатпен келді деп баспасөз бетінде айтылды. Бүгінгі күні ел өңірлерінде 34 мың шамасында салынған пәтерлердің өз тұтынушыларын таппай тұруының басты себебі осында. Пайымдап қарасақ, біздегі жағдай Америкадағы дағдарыстың бастауы болған оқиғаларға ұқсас екенін байқаймыз.

2008-ші жылдың орта кезінде Қазақстандық коммерциялық банктердің шет елдерден алған қарыздары 45 миллиард доллар мөлшеріне жетті. Оның үштен біріне жуығы әр жылда кейін қайтарылуы керек болатын. Аталмыш қарызды мерзімі жеткенде тек өз қалтасынан емес, жаңадан қарыз алып бұрынғы несиені өтеу мүмкіндігін банктер жақсы пайдаланды. Осындай мүмкіндік Қазақстан банктері үшін әлем елдерінде қаржы дағдарысы басталғанға дейін болып тұрды.

Дағдарыс басталысымен коммерциялық банктердің шет елден несие алатын мүмкіндігі күрт азайды, тіпті жабылды десек те болады. Бұл біздің банктер жүйесін, сонымен қатар бүкіл экономиканы қаржымен қамтамасыз ету істерін үлкен қиындыққа тіреді. Сөйтіп біздегі дағдарыс осыдан басталды, яғни әлемде болып жатқан қаржы дағдарысының тікелей салдарынан. Дегенмен, осы дағдарысты туғызуға, не әсерін күшейтуге өз ішімізде де бір-екі жағдай себеп болғанын айта кетуіміз керек. Біріншіден, коммерциялық банктер несиені алса да, оны қайтару қиындығын дұрыс ойласпады. Банк жүйесінде (тек бізде емес, барлық елдердің банктерінде де) несие алуда да, несие беруде де осыдан тууы мүмкін қауіп-қатерден сақтайтын тәуекел-менеджмент (риск-менеджмент) құралы бар. Осы құрал біздің банктердің тәжірибесінің аздығынан немесе оған немқұрайлы қарағандықтан дұрыс жетілмеді және қолданылмады. Екіншіден, банкирлерде, тек қана олар емес, кейбір кәсіпкерлік топтарда да, жеңіл және жедел табыс табу психологиясы қалыптасып келеді. Осының салдарынан несиені байқап, жан-жақты ойласып, есептеп алу керек деген Президент ескертуіне, басқа мамандардың айтуына да олар онша құлақ аса қоймайды. Жедел пайда, әрине, кімге болса да жақсы, бірақ

шынайы кәсіпкерлік барынша табандалықты, төзімділікті, бастаған ісінді орындау үшін ұзақ тер төгу керек екенін ұмытпауымыз керек, әсіресе кәсіпкерлер қауымын осылай тәрбиелеуіміз керек.

Енді өз елімізде дағдарысқа қарсы жасалып жатқан іс-шараларға тоқталайық. Ең алдымен олардың шет елдердегі осы залалға қарсы күресу құралдарымен сәйкестігін, ұйқастығын айтуымыз керек. Әлем елдерінің тәжірибесіне үнілсек, қаржы дағдарысына байланысты онымен күресу шаралары мыналар:

- экономиканы, оның қауыпты салаларын қолдау мақсатымен арнайы бағдарлама алу;
- дағдарысқа қарсы қор құру, оған қаржы болу;
- кәсіпкерлерге салық ауыртпалығын жеңілдету;
- несие құнын арзандату;
- қаржы жүйесін реттеуді жетілдіру;
- жұмыссыздықпен күресу, оны болдырмау шараларын жасау.

Осы көрсетілген шаралардың бәрі біздің елімізде жасалып жатыр. Және олар жүйелі десек қателеспейміз.

Дағдарысқа бірінші болып іліккен коммерциялық банктерге көмектесу біздің елімізде 2007 жылдың күзінен басталып, 2008 жылы жалғасын тапты. Алғашында бюджеттен 4 млрд.доллар, кейін Ұлттық қордан 10 млрд.доллар көлеміндегі қаржы банк жүйесі қызметін тұрақтандыру үшін жұмсалуда. Кейбір ірі банктердің құнды қағаздарының 25 пайызына дейін мемлекет өз меншігіне сатып алуда. Қаржыгерлердің өте күмәнді акцияларын сатып алу үшін торығу активтер қоры құрылып, оған бюджеттен бір миллиард, жинақталған зейнеткерлік қорынан үш миллиард доллар көлемінде қаржы бөлу шаралары қарастырылуда.

Қаржы дағдарысынан туған қиындық тек банктерге емес, нақты экономикаға да келді. Оның даму қарқынының күрт төмендегенін жоғарыда айттық. Экономиканың кейбір салаларының маңызы мен ерекшелігін ескеріп, Үкімет тарапынан оларға әртүрлі деңгейде жәрдем көрсетілуде. Шағын және орта бизнеске, ауыл шаруашылығына, өндіріс саласына

олардың әрқайсысына 1 млрд.доллардан жәрдем көрсетілуде. Бізде ең ауыр қиындыққа ұшыраған құрылыс саласы, дәлірек айтсақ тұрғын-үй құрылысы секторы болды. Дағдарысқа дейін осы сала біздің әр жылда өндірілетін ішкі жалпы өнімнің 20 пайызынан кем бермейтін, былтырғы жылы оның үлесі еселеп азайды. Уақытында салынбай, үлескерлер тиісті пәтерлерін ала алмағандықтан, бұл сала әлеуметтік қайшылықтарды да тудырды. Оның жұмысын жандандыру мақсатында мемлекет Ұлттық қордан 3 млрд.доллар көлемінде қаражат бөліп отыр.

Экономикалық саясаттың кейбір маңызды бағыттары қайта қаралып, оларды жетілдіру шаралары заңдастырылуда. Биылғы жылдан бастап жаңа Бюджет кодексі, жаңа Салық кодексі күшіне енді. Соңғысында кәсіпкерлерге салық ауыртпалығын жеңілдететін нақты шаралар бар. Корпоративтік табыс салығы деңгейінің 2009 жылы 30 пайыздан 20 пайызға дейін, 2010 жылы – 17,5, 2011 жылы 15 пайызға, яғни 3 жыл ішінде 2 есе төмендетілетінін атап айту керек. Бұл кәсіпкерлер үшін, әсіресе корпоративтік салық төлеушілер үшін өте жақсы жеңілдік. Корпоративтік табыс салығын біз сияқты өте төмен деңгейде (15%) қолданып, не қолданбақ болып отырған әлем елдері бірен-саран ғана. Мамандардың есебі бойынша, тек 2009-шы жылда корпоративтік табыс салығын 30 пайыздан 20 пайызға дейін төмендету оның мемлекеттік бюджетке түсімін 300 млрд.теңгеге азайтады екен, яғни осы көлемде қаржы кәсіпкерлердің өзінде, өз бизнесіне жұмсау үшін қалады. Қосымша құн салығын 13 пайыздан 12 пайызға төмендету де кәсіпкерлердің салық жүгін жеңілдететіні күмәнсіз. Бұл салық түрінің біздің елде деңгейі басқа елдерден көп төмен екенін (оларда 18-20% көлемінде) айтуымыз керек. Жаңа салық кодексінде шағын бизнеске, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерге арнайы жеңілдеткен салық тәртіптемесі (режим), басқа да оларға қолайлы жағдайлар қарастылылған. Осы шаралар үстіміздегі жылдан бастап біздегі бизнес-ортаның нәтижелі іс-қимылына жақсы әсерін тигізе бастайды.

Экономикадағы қиындықтар халықтың да тұрмыс деңгейіне теріс әсерін тигізбей қоймайды. Бұны біз әлем

елдерінің тәжірибелерінен көріп отырмыз. Әлемдегі шикізатқа сұраныстың азайғандығынан біздегі тау-кен кәсіпорындарының кейбіреулері жұмыс қарқынын қысқартуға мәжбүр болып және бұл жағдай жұмыссыздықтың өсуіне алып келу қаупін тудырды. Шағын және орта бизнестің ауқымы азайғандықтан, мемлекет көлемінде орташа жалақы деңгейінің біршама төмендеуі байқала бастады.

Осы жағдайлардың барлығын алдын-ала ескеріп, тиісті іс-шаралар қолданылып жатыр. Елбасының өткен жылғы халыққа Жолдауында көрсетілгендей, 2009-2011 үш жылдық бюджетте зейнетақы, бюджет қызметкерлерінің жалақасы, шәкіртақы, алғашқы екі жылдың әрқайсысында 25 пайыздан, үшінші жылы – 30 пайызға, жалпы алғанда үш жылда екі есе өсу көзделіп отыр. Аз уақыт ішінде осындай өте ауқымды салаларды екі есеге өсіре қолдау, көптеген елдерде, әсіресе ТМД-дағы әріптестерімізде жоқ. Ал жалпы әлеуметтік салаға бөлінген қаржы өткен жылғы бюджетте де, алдағы жылдардың бюджетінде де көлемі өспесе, кеміген жоқ. Бұны біз Президент жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың ұшқырлығы және ел экономикасының өскен мүмкіндігі деп білуіміз керек.

Жоғарды айтылған іс-шаралардың елімізде жедел түрде қабылданғанын және оларды анықтау үшін Президенттің шешуші ролін атап айтуымыз керек. Бұл нарық экономикасын жақсы түсінетін, әлем экономикасының даму бағыттарын әр уақытта да өз назарында ұстайтын мемлекеттік қайраткердің саясаты. Тек қана дағдарысты тоқтату мақсатымен, мемлекеттен экономикаға (банклер мен шаруашылық салаларына) 2,2 триллион теңгеден артық қосымша жәрдем беріліп отыр. Бұл Қазақстанның бір жылғы жалпы ішкі өнімінің 22 пайызына парапар. Дағдарысқа байланысты өз елдеріндегі кәсіпкерлерге қосымша көмек басқа елдерде бізбен салыстырғанда төмен. Дәлірек айтсақ, ол жалпы ішкі өнімнің Еуроодақ елдерінде 1,5 пайыз, АҚШ-та - 6, Жапонияда – 9, Ресей мен Қытайда – 18 пайыз деңгейінде. Осыдан-ақ біздегі дағдарысқа қарсы іс-шаралардың ауқымды екенін көреміз. Біз еліміздің жоғарыда аталған көрсеткішін қанағаттанғандықпен айтып отырмыз, бірақ

одан елде жиналған үлкенді-кішілі қорды осындай төтенше жағдайларға жұмсай беру керек деген қорытынды тумайды.

Енді осы іс-шаралардың дер кезінде, толығымен іске асырылуы Үкімет пен жергілікті әкімшіліктердің мойнында. Олардың тарапынан өте шебер және жылдам іскерлікті талап ететін заман туды. Осыған байланысты істеліп жатқан жұмысқа сын көзімізбен қарап, кейбір ұсыныстарымызды айтайық. Ең алдымен іс-қимылдың кейбір жағдайда баяулығы, оларды терең ойластырмау сарыны байқалатынын айту керек. 2007 жылдың күзінде Президенттің шешімімен банк жүйесіне 4 млрд.доллар қаржы бөлінді, нақ банктерге емес, солар арқылы нақты экономиканы керек несиені қамтамасыз етуге. 7-8 ай бойы осы несиелер кәсіпорындарға 20-24 пайыз бағамымен ұсынылды. Осындай қымбат несиені кәсіпорындардың, әсіресе шағын және орта бизнес өкілдерінің пайдалану мүмкіндігінің аздығы дұрыс есепке алынбады. Нәтижесінде жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде көмекке берілген қаржының дені игерілмеді, ал шағын және орта бизнес ауқымын төмендетіп, не мүлдем жұмысын тоқтатып жатты. Кейбір өңірлерде олардың 70 пайызға жуығы жұмысын тоқтатқаны туралы ресми тұлғалардың өздері де мойындап отыр. Тек жағдай өте шиеленісе бастағанда ғана, яғни 2008 жылдың күзінде, үкімет несие құнын 12,5 пайызға дейін төмендетуге шешім қабылдады. Бірақ, оған дейін шағын және орта бизнестегі жағдай күрделеніп үлгерді.

Жоғарыда айқанымыздай, 2008 жылы дағдарысқа қарсы бағдарламаға сәйкес шағын және орта бизнеске 1 млрд.доллар көлемінде қосымша жәрдем бөлінді. Бірақ несиенің бір бөлшегінде (Даму қоры арқылы) оның құны 12,5 пайыз, ал қалған бөлшегінде 13-14 пайыз болады деп «СамұрқҚазына» ұлттық игілік қоры жобалап отыр. Олар осындай несие құны дұрыс, осы деңгей дағдарысқа дейін шағын және орта бизнесті ынталандырды, сондықтан қазір де оларды осылай ынталандыруға болады деп үміттенеді. Біздіңше мұндай үкілі үмітке негіз жоқ сияқты. Дағдарысқа дейін дамып келе жатқан, біршама қор жинаған бизнес 13-14 пайыз несие құнын көтере алды. Ал жабылып не тұралап қалған қазіргі бизнес үшін бұл

қымбат несиені, сондықтан несиені әрі қарай арзандата түсірудің қажеттігі бар дер едім. Бизнеске беретін несиені арзандату маңыздылығын Америка, Еуропа елдерінің ұлттық банктерінің өздерінің пайыздық молшерлемелерін (процентная ставка) қазіргі уақытта тынбай төмендетіп жатқанынан да байқауға болады. Қазақстанда әр отбасына шаққанда шағын және орта бизнеске 6-7 миллион, яғни барлық ел тұрғындарының 40-45 пайызға жуығының тікелей қатысы бар екен. Сондықтан, Президент айтқандай, экономиканың негізгі діңгегі осы шағын және орта бизнесте жатыр. Олардың жағдайын дұрыстау шаралары да кұпия емес: салықты төмендетіп, несиені арзандатып, бизнесті толып кеткен тексеруші мен бақылаушы мекемелердің алым-салығынан құтқару керек.

Шағын және орта бизнесті елуден артық мекеме тексереді екен. Әрқайсысының бизнестен алатын алым салығы барлығын, осы жағдай өздерін титықтатқанын бизнес өкілдері жиі айтады. Былтыр осындай тексерістерге Елбасы өз жарлығымен тиым салды (мораторий жариялады). Осы жарлық өз күшін алдағы 2 жылға жалғастырса, аталмыш бизнесті демеуге жәрдемі мол болатыны күмәнсіз. Сонымен қатар жаңадан ашылатын шағын және орта бизнес кәсіпорындарына оларды 2009-2010 жылы салықтан толық босату бұл салаға жаңа кәсіпкерлерді топтастырып, оның ауқымын кеңейтуге бірден-бір себеп болар еді. Жалпы шағын және орта бизнестегі іскерлік ортаны түпкілікті түрде жақсарту шаралары да күн тәртібіне сұранып тұр.

Бизнестің даму жағдайы көбінесе салық жүйесіне, оның ауырлығы, не жеңілдігіне байланысты. Соңғы 4-5 жыл ішінде корпоративтік табыс салығының, қосымша күн салығының, әлеуметтік салықтың деңгейі біршама жоғары екендігі біздің қоғамымызда бірнеше рет айтылды. Бірақ 2008 жылға дейін салық жүйесіндегі болар-болмас өзгерістер кәсіпкерлердің жүгін жеңілдеті алмады. Тек өткен жылдың аяғында ғана, жоғарыда айтқанымыздай, салық деңгейін жақсы төмендететін заң қабылданды. Бірақ бұл істің де баяулығы болғанын айтып кету керек. Президент өз Жолдауында кәсіпкерлерге салықты азайту

керектігін, тіпті оның төмендету деңгейін көрсеткеннің өзінде Үкімет пен Парламент жаңа Салық кодексін 9-10 айға жуық талқылап, қабылдады. Бұл қаржы дағдарысының біздің бойымызды жайлап, күннен-күнге салқын әсерін күшейтіп келе жатқан кезі еді. Осыны ескеріп Салық кодексін жылдамырақ қабылдап, оны ертерек (2008 жылдың ортасынан, тіпті болмаса төртінші тоқсанынан) іске қосқанда, бұл да бизнестің етек жайып келе жатқан дағдарыспен күресуіне бірден-бір жәрдемін тигізер еді. Және осындай мүмкіндік те бар еді, өйткені салық жүйесіне өзгерістер енгізу мәселесі қоғамда бір емес, бірнеше жыл талқыланып, оның басты бағыттары анықталған болатын. Оның үстіне, Президент аталмыш Жолдауында барынша тиянақты ұсыныстар жасап еді.

Өткен күзде Ұлттық қордан банктер арқылы бизнеске берілген қаржының дені әлі оларға жеткен жоқ. Несие беру тетіктері осы күнге дейін талқылану үстінде. Үкімет пен банктер арасында келіссөздер созылыңқырап бара жатыр. Ал бизнес үшін шапшаң қабылданған, тегеуірінді шешім керек. Әлем елдерінің қаржы дағдарысымен күресу тәжірибесіне қарасақ, бизнесті тұрақтандыру үшін оларға деген жәрдем көлеміне ғана байланысты емес, осы жәрдемнің өз адресаттарына (жолданым иелеріне) тезірек жеткізілуіне ерекше көңіл бөлінеді.

Дағдарыс кезеңінде ең басты мәселелердің бірі - жұмыссыздықпен күресу. Онымен барша әлем елдері айналысып жатыр. Жұмыссыздық қаупі біздің елімізде де бар. Өткені шығарған өніміне (басқа елдерден) сұраныс азайғаннан кейін кейбір кәсіпорындар өз жұмысын шектеуге, немесе тоқтатуға мәжбүр болып отыр. Жұмыссыздықпен жүйелі, тиянақты күресу үшін әр өңірде жан-жақты ойластырылған бағдарлама керек. Президент тапсырмасымен оны жасауға үкімет пен әкімшіліктер кірісті. Қазір үкімет кәсіпорындар, кәсіподақтармен бірлескен жұмыссыз қалғандардың тұрмыс деңгейінің тұрақтылығын сақтау мақсатында келісім - шарттар жасап жатыр.

Жұмыссыздықпен күресу үшін, жалпы экономиканы жандандыру үшін жол салудың маңызы өте зор. Өткен ғасырдың 30-ші жылдары Германия, 70-ші жылдары Оңтүстік Корея елдері

ел экономикасын аяғына тұрғызып, дамытуын осы жол салудан бастап еді. Біздер де жол (тас жол, темір жол) салудың қажеттілігі мен мүмкіндігі де бар. Керекті қаражат табылатын сияқты және дағдарысқа қарсы алынған бағдарламада қомақты қаржы бөлінген. Сонымен қатар мемлекет пен жекеменшік қосылып қимылдайтын серіптестік жолдарын да осы салада кеңейту мүмкіндіктері бар. Жақын жатқан екі ауылдың жолын дұрыстау үшін көп қаржының керегі болмас, оған тиянақты түрде қоғамдық жұмыстар тәсілін қолданса да жетеді. Жергілікті басшылар оларды жақсылап ұйымдастыруы керек.

Дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарламада ауылшаруашылығына бұрынғыдан да көлемді көмек қарастырылып отыр. Алдағы үш жылдың әр жылында 1 млрд. доллардан бюджеттен бөлінсе, дағдарысқа қарсы күрес бағдарламасы бойынша осы салаға тағы 1 млрд. доллар қосымша бөлініп отыр.

Үш жылда ауылға мемлекет тарапынан берілетін 500 млрд. тенге олардың әр жылда шығаратын өнімінің жартысына парапар. Бұл қомақты жәрдем. Сондықтан дағдарыстан көп қиналмай, тіпті осы кезеңде тынысы кеңейе даму мүмкіндігі бар бірден бір сала біздің елімізде осы ауыл шаруашылығы. Бұған өз бюджетіміз ғана емес, дүние жүзіндегі жағдайлар да көмектесуде. Әлем елдерінде азық-түлік үзбей қымбаттап келеді. Әңгіме болып отырған дағдарысқа байланысты олардың бағасы көп арзандай қоймас. Осыған байланысты біздегі азық-түліктің бағамы шетелдік бағамға жақындады, тіпті теңесті деп айтуға да болады. Басқаша айтсақ, ауыл экономикасының бәсекеге қабілеттілігі жоғарылады. Бұл бізден шыққан өнімдердің әлем елдеріндегі сұранысын күшейтеді. Осыны ескеріп жоғарыда көрсетілген мол қаржыны үкімет егін, мал, көкөніс түсімдерін көбірек өндіруге, ауыл экономикасын жаңа техника, технологиямен жарақтандыру үшін бөліп отыр. Осы қаржыларды өте тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Дегенмен осы саланың да баяу дамуы байқалады. Тек мемлекет бөлген қаржымен бірнеше ет, сүт өндіретін орталықтар, көкөніс теплицалары салынып жатыр. Бірақ ауыл

экономикасы жаппай жекеменшіктің қолында, ал ауыл кәсіпкерлері өз қаржыларын шығарып, осындай іске белсенді кіріскен жоқ. Ауылдағы шаруаның малының түсімін орта жолдағы делдалдарға талатпай, әрбір аудан көлемінде аудандық тұтынушылар кооперативін құрудың маңызы зор. Бірақ осындай кооперативтер өте аз, жергілікті басқару жүйесі осыған селкостық көрсетіп отыр. Ауылда шаруашылық кәсіпорындарын ірілендіріп, фермерлер қауымдастығын шоғырландырудың маңызды екенін Елбасы өзінің халыққа Жолдауында бірнеше рет атап өтті. Өте дұрыс көтерілген мәселе, мына сайын далада жеке фермерлер көптеген қиыншылыққа тірелуде. Сондықтан ауыл шаруашылығын ірілендіру күн тәртібіне сұранып-ақ тұр. Оны іске асыру үшін осы ірілендіруді реттеудің, шаруаларды ынталандырудың жаңа тәсілдерін іздестіру керек. Үкімет тарапынан да, жергілікті басқару мекемелерінен де осы салада айтарлықтай белсенділік көрінбейді. Жалпы ауылдағы іскерлік ортаның белсенділігін арттыратын шараларды іздестіруіміз керек. Реформалардың алғашқы жылдарындағы ізденістер, өзгерістер серпіні қазір ауыл төңірегінде онша байқала қоймайды. Бұл баршамызды ойландыратын жағдай.

Дағдарыстан шығудың да, тұрақты дамудың да өзекті мәселесі – экономиканы әртараптандыру. Осыны көздеген индустриялық-инновациялық стратегияны алған бес жыл ішінде әртараптандырудың құқықтық-нормативтік базасы жасалды, даму институттары құрылып, оларға мольнан қаржы бөлінді. Жер-жерде ақпараттық технология, басқа да технопарктер, венчурлық қорлар, бизнес-инкубаторлар құрылып жатыр. Аталмыш Стратегия алғашқы жылдары өте баяу жылжыды. Тек 2008 жылы «30 корпоративтік басшылар» бағдарламасына сәйкес жаңа кәсіпорындар іске қосылып, жағдай түзеле бастады. Өткен жылғы шетелдік инвесторлар кеңесінде жұмысқа керек материал мен техниканың денін қазақстандық кәсіпорындардан сатып алу керек деп Президент Н.Назарбаев жасаған ұсыныс экономиканы әртараптандыруға жаңа серпін беретіні сөзсіз. Бізде істейтін шетелдік компаниялар қазақстандық

кәсіпорындардан жылына орта есеппен 20-25 млрд. долларға керек заттарын сатып алуға мүмкіндіктер бар.

Шетелдік әріптестеріміздің айтуы бойынша, қазақстандық кәсіпорындарымен байланысты жақсарту үшін соңғылардың іс-жоспарлары ұзақ мерзімге жасалуы, барынша жариялы болуы керек. Қазақстанда шығарылған тауарларды ішіміздегі шет елдік компанияларға тендерсіз сатуды, осы істі ынталандыратын басқа да мәселелер тиісті шешімін табу керек.

Жалпылай айтсақ әртараптандыру, әсіресе өңдеуші саланы, тек қана өндірісте емес, ауыл өнімдерін де өңдеуші саланы барынша дамыту тек бүгінгі дағдарысқа ғана емес, болуы мүмкін басқа дағдарысқа тосқауыл қоюдың бірден-бір амалы.

Барлық көңілді дағдарыстан шығу шараларына бөліп, біздің ұзақ экономикалық дамуыңыздың кейбір мәселелері назардан тыс қалу қаупі бар. Мысалы, әкімшілік реформасы, оның барысы. Осы саладағы реформалар туралы тиісті шешім қабылданғанына үшінші жыл болып барады. Бірақ басқару жүйесін елеулі түрде жақсартатын, оны ықшамдайтын, сөйтіп әлеуметтік - экономика салаларының дамуына жақсы әсерін тигізетін іс-шаралар әлі тиісті дәрежеде қолға алынбай отыр. Соңғы уақытта көптеген холдингтер құрылды. Олар мен министрліктердің істейтін істерінің ара-жігі әлі нақты түрде анықталған жоқ. Мысалы, бүгінгі таңда құрылыс саласының даму бағыттарын анықтауды, оларға бөлінген қаржыны, несие беру тетіктерін анықтауды «СамрұқҚазына» игілік қоры өз қолына алды. Біз бұны теріске шығармаймыз, дегенмен құрамында арнайы құрылыс комитеті бар Индустрия және сауда министрлігінің аталмыш саладағы міндеті қандай болу керек? Кезінде индустриялық-инновациялық стратегияны орындау үшін арнайы даму институттары құрылып, оларға тиісті қаржы бөлінді. Қазір олар «СамрұқҚазына» ұлттық игілік қорының қарамағында, ал аталмыш Стратегияны жүргізуге Индустрия және сауда министрлігі жауапты. Бұл да қайшылықтарды тудырмай ма? Осындай сұрақтар Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Қазагро» холдингінің, Білім және ғылым

министрлігімен «Парасат» холдингінің, тағы басқалардың да істейтін жұмыстарының ара-жігін анықтау төңірегінде де туады.

Қай мемлекетте болмасын шаруашылықтың жекелендірген саласын басқаратын бірден-бір орган - министрліктер. Олар мамандандырылған, осы саланың техникалық, технологиялық, экономикалық ерекшелігін жетік білетін мамандармен жасақталған басқару жүйелері. Осындай министрліктер біздерде де бар. Және аз да емес, құрамында екі үш (кейбіреуінде одан да көп) комитет, оншақты департаменті бар, қызметкерлерінде де таршылық жоқ мекемелер. Бірақ соңғы кездерде осы министрліктердің жауапкершілігі мен міндеті төмендеп кеткені сезіледі, өйткені бюджетте бөлінген қаржының әкімшісі (администратор) болғандарымен, оларды толығымен және тиімді игеруге тиісті дәрежеде ықпалы жоқ. Денсаулық сақтау, білім - ғылым министрліктеріне бөлінген бюджет қаражаты трансферт ретінде облыс әкімшіліктеріне (олардың аталмыш салалардағы департаменттеріне) аударылады. Бюджет бекіткен жобаны орындаушыларды тендер арқылы сараптау, оларды қаржыландыру, істелген жұмыстың көлемі мен сапасын қадағалау осы департаменттердің міндеті. Тікелей облыс әкімшілігіне бағынғаннан кейін, олардың жұмысына министрліктердің ықпалы шектеулі. Нәтижесінде бюджетті орындаудан туатын міндеттің бір-біріне бағынбайтын екі мекемеге бөлінуі, олардың жауапкершілігін төмендетуде. Жылдан-жылға республикалық бюджетте қарастырылған қаржының едәуір бөлшегінің игерілмей қалуының себептерінің бірі осында. Бюджет орындалмай, министрліктер мен әкімшіліктер оның себебін бір-біріне сілтеуі де осындай жағдайдан туады. Өкінішке орай, әкімшілік реформалар барысында осындай қайшылықтар (олар жоғарыда аталған екеуінің ғана емес, басқа министрліктердің де басында бар) әлі күнге дейін дұрыс шешімін таба алмай отыр.

Әрбір салада ұлттық компаниялар құрылды (Қазмұнайгаз, Кегок, ҚТЖ, т.б.). Бірақ бұлардың бір де біреуі мамандандырылған министрліктердің құрамына кірмейді. Бұрын бұлар «Самрұк» холдингінің құрамында болатын. Қазір

Нарық экономикасының осындай, кейбір басқа да талаптары мен тетіктері елімізде әлі дұрыс, толығымен қолданылмай жатқанын айтуымыз керек. Нарыққа көшу тек мүлікті жекешелендіріп, бағаны босатып, шет елдермен еркін саудаға шыққанмен бітпейді. Оның әр кәсіпорын үшін, әр шаруашылық саласы үшін, басқару жүйесінің әр тармақтары үшін, олардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін тетік-талаптары бар. Оларды жүйелі түрде және толығымен игермей, нарық экономикасы біз күткен жетістіктерге, тиімділікке әкеледі деу қиын.

Осыған байланысты іскерлік ортада, жалпы экономика саласында да деп айтуға да болады, қалыптасқан кейбір келеңсіз көзқарасқа, психологиялық факторларға тоқталмауға болмайды. Дағдарысқа дейін 7-8 жыл біздің экономикамыз қарқындап өсті деп жоғарыда айттық. Оның басты себебі біздің тауарларымыздың әлем деңгейіндегі сұранысы мен бағасы тынбай өсуінде болды. Осының арқасында кәсіпкерлерде, бизнес басшыларында, жоғары дәрежелі менеджерлерде барынша қолайлы жағдайда (ақшадан таршылық жоқ, шаруашылық жақсы дамып келеді) жұмыс істеуге дағдыланған психология қалыптасты. Осындай психология басқару жүйесіндегі азаматтарға да әсерін тигізбей қойған жоқ. Жеңіл іс, жедел табыс көбіміздің басымызды айналдыра бастады.

Нәтижесінде үлкенді – кішілі шешімдер (жобалар) терең, жан-жақты ойластырылмай, жеңіл-желпі, ат үсті қабылданатын болды. Ең қиыны, бастаған істі аяқтауға табандылық азайды. Нарық экономикасының күнде көзге көрінбейтін, бірақ өзінің маңыздылығы жоғары тетіктері толық игерілмей және оның талаптары, жоғарыда көрсеткендей, толық орындалмағандығы байқалады.

Мен осы пікірді қазір, ел экономикасы қиыншылыққа тірелген сәтте айтуды жөн көріп отырмын. Өйткені дағдарыстан шығу, тұрақты даму жолына түсу тек қаржыға ғана емес, нарық экономикасының тетіктерін толығымен игеріп, оның мүмкіншілігін толығымен пайдалануға байланысты. Сонымен қатар менеджмент, іскерлік ортаның психологиясын өзгертудің,

дұрыс бағытқа бұрудың да маңызы зор. Нарық экономикасы табанды да, белсенді іс-қимылдың әлемі. Алдағы алатын асуларымыздың деңгейі осыған дайындығымызға байланысты.

Елбасы ұсынып отырған саясат өте сындарлы, заманымыздың нағыз өктем, жоғары талаптарына жауап бере алатын саясат. Оны орындау үшін терең түсінуіміз және үзбей ізденіс, табанды жұмыс, ынта-жігер, қайрат пен пәрменділік көрсетуіміз керек. Сындарлы саясат баяулық пен селқостықты көтермейді.

*К.Сагадиев,
Академик, Парламент Мәжілісінің депутаты
«Егемен Қазақстан», 20.01.2009 ж.*

